



Автор: САТАЕВА ГУЛЬНАРА ЕСЕНТАЕВНА
Пән: Математика
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Теңдік және теңсіздік. Теңдеу
Тақырып: Санды өрнектерді салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.1.4 қосу мен алуда 0-дің қасиеттерін әріптік теңдік түрінде көрсету: $a+0=a$, $a-0=a$ 1.5.2.2 «+», «-», « $\neq$ », «=», «>», «<» белгілерін/ цифрларды /белгісіз санның символын қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: Әріпті символдардың берілген мәні бойынша бір әрпі бар өрнектің мәнін табады. Көптеген оқушылар:Қосумен берілген өрнек мәндерін салыстыру мен өрнекті құрастыруды біледі. Кейбір оқушылар: Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Барлық оқушылар жасай алады: Әріпті символдардың берілген мәні бойынша бір әрпі бар өрнектің мәнін табады. Көптеген оқушылар:Қосумен берілген өрнек мәндерін салыстыру мен өрнекті құрастыруды біледі. Кейбір оқушылар: Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
Күтілетін нәтиже:	Санды өрнекті салыстыра білу керек. Нәтижесін табу
Бағалау критерийлері:	Әріпті символдардың берілген мәні бойынша бір әрпі бар өрнектің мәнін табады.Санға 0-ді қосу және азайту жағдайларын әріпті өрнек түрінде көрсетеді
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілікке, жан-жануарға қамқор болу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнежазба
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану,көркем еңбек
Бастапқы білім:	Салыстыруды біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Шаттық шеңбері Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Ширату: 1 таңбалы сандардан 2 таңбалы сан құрау. Сол 2 таңбалы сандарды салыстыру. 2 таңбалы сандардан санды теңсіздіктер құрау. Алғашқы болған 5 оқушыға от шашу жасау.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Санды өрнектерді салыстырғанда олардың мәндерін салыстырамыз. Санды өрнектердің мәндері бірдей болса, олар өзара тең болады. $10+5=20-5$ $15=15$ Ал өрнек мәндері тең болмаса не артық, не кем болады $8+3 < 10+2$ $11 < 12$. Топпен жұмыс: «Хайуанаттар дүкенінде». Хайуанат дүкенінде жануарларға арналған қорек түрлері, торлар, аквариумдар, түрлі аксессуар сатылады. («Жұлдыз» дүкені) Оқулықпен жұмыс: Оқулықтағы суреттердің әрқайсысы бойынша санды өрнек құрастыру. Жауабы: 1-топ: $3 + 4 = 2 + 5$; 2-топ: $6 + 6 > 8 + 3$; 3-топ: $4 + 4 < 2 + 8$. Топ бірін-бірі бағалайды. Жұптық жұмыс: Шығарып көр. Оқушылар санды өрнектерді салыстырады. Жауабы: 1) $18 + 1 < 13 + 7$; 2) $7 + 10 > 10 + 2$; 3) $50 + 40 = 40 + 50$; $5 + 3 = 4 + 4$; $16 + 2 < 14 + 5$; $30 + 60 > 70 + 10$; $2 + 0 < 0 + 5$. $18 + 1 = 0 + 19$. $20 + 80 = 90 + 10$. Оқушыларды өзім смайликпен мадақтаймын. Жеке жұмыс: Кім тапқыр?. Оқушылармен құпия цифрлар туралы әңгімелесу. Суреттердің көмегімен санды ақпараттың қалай цифрленетінін айттыңыз. Бірдей суреттерде – бірдей сандар цифрленгенін ескертіңіз. Оқушыларға – құпия цифрді шешіп, санды өрнектерді салыстыруды ұсыныңыз. Жауабы: а) $2 + 2 < 3 + 3$; ә) $3 + 5 > 2 + 5$; б) $5 + 4 > 3 + 4$; Дескриптор: • сандар, шамалар мен санды өрнектер арасындағы қатынастарды ($=$, $\neq$, $>$, $<$) таңбалары арқылы көрсетуді үйренеді.	
Сабақтың соңы	«Серпілген сауал» әдісі — Әріпті өрнектегі әріптің мәні қалай аталады? — $a + 0 = a$ өрнегіндегі әріп қандай мәнге ие болады? Ал $a - 0 = a$ өрнегінде ше? Неліктен? — $7 + b$ өрнегінде b әріпі қандай мағына береді? — $7 - b$ өрнегінде ше? — $7 - b$ әріпті өрнегінің сан мәнін қалай табуға болады?	
Рефлексия	Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы» бойынша өзін-өзі бағалайды.	